## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)________________________________________________________

Топ: кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11 - 24.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні ________________________________________________________________________________

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және** | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, ойыншықты | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене бөлшектеріне, | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындау, су ағымы астына қолды | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау әрекетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқалар)** | көрсетуді, атауды үйрету; ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау. | қимылына, коректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. | көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | ұстауларын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | және суару үлгісін көрсету. |
| | **"Қарындаштарды (борларды, геометриялық пішіндерді) ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті қарындаштар (борлар, геометриялық пішіндер); заттардың әр түсі үштен кем | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркемсөзді айтқызу кезінде ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін ойнауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көзбен қабылдау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, | **"Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>(орыс тілінен аудармa)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өзін-өзі күту, беті-қолды жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан көркемсөзді қайталап, жағымды әсерге бөленуге баулу.<br>*Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су".*<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын, | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне кезекпен салып жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | емес.<br>Шарты: заттарды бірыңғай түстер бойынша топтастыру.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)** | мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>Д. Ахметова "Тоқ-тоқ".<br>Сылдырмақ соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баланың өрнекті құрастыру кезінде қандай пішіндерді салып жатқанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)** | Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкеніне салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарау, қол ұстасып тұру.<br>1-1 қолды екі жаққа созу, "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшына тұру. "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау).<br>2. Бастапқы қалып: қолды алға созып, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.<br>2-1 қолды жібермей ұстап, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу. (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.<br>3-1 бірінші жұп қол ұстасып тұрып секіреді "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>3-2 қол ұстасқан екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану кезінде баланы көңілдендіру.<br>Көркемсөз.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас!<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.<br>Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста баяу ойналатын әуенжазбасын қосу.<br>Біз ақылды бала, дарамыз,<br>Өсеміз, алыптай боламыз.<br>Үлкен саяхат жолында<br>Досты қолдан ұстап барамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Тура бағытта жүреміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың екі жолақтың арасымен | **Музыка**<br>"Құстар әні".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, | **Дене шынықтыру**<br>"Қасқырдан ептіміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қатармен жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан | **Дене шынықтыру**<br>"Қасқыр мен қоян".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ қашты қояннан".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тура бағытта бір-бірінен кейін тізбекте жүру дағдыларын қайталау; жүру икемділіктерін, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділіктерін арттыру; табиғатты аялауға, құрметтеуге ынталандыру; балаларға жаттығуларды қайталату арқылы бекіту.<br>**"Кім жылдам?" қимыл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып ойнауды үйрету. | қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру. | еңбектеп өтуді үйрету; жүгіру және еңбектеу техникасын меңгерте отырып, жаңа қимылды тез қабылдай білуге машықтандыру. Балалардың жүгіру шапшаңдығын жетілдіру; еңбектеу кезінде балалардыңептілік, төзімділік, шапшаңдық қабілетін дамыту. Балаларды жаттығу кезінде батылдыққа, дәлдікке, достық қарым-қатынасқа, мәдениет және адамгершілік әдебіне, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу.<br>**"Қасқыр мен қоян" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын | еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; жүгіру шапшаңдығын жетілдіре отырып, педагогтің нұсқауларына көңіл аударуды, жаттығулардыептілікпен орындауға баулу.<br>**"Қасқыр мен қояндар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогті мұқият тыңдауға, кеңістікті бағдарлауға, жүгіру кезінде ептілікті дамыту іскерліктерін жетілдіру. | қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері қоянның жанына қылқаламның ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізіп, дөңгелек бауырсақты салуды үйрету; қылқаламмен салынған "сызықты" бақылап отыруға дағдыландыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; мазмұнды сурет жөніндегі негізгі ұғымдар қалыптастыру; баланың өзі салған кейіпкерін тұтас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту. Бірлесіп ойнауды, кейіпкерлердің рөліне енуді үйрету. | | суреттің маңызды бөлігі ретінде қабылдай білуге баулу. **"Бауырсақ кімнен қашты?" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға таныс ертегі кейіпкерлерінің суреттеріне қарап отырып, ертегі мазмұнынын есте жаңғыртуды үйрету. |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспандағы ақ | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштардың | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, әртүрлә бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>*Қ. Мырза Әли "Аспанда".*<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанына балшықтың жабысқанын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді.<br>Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің | құрылымына көңіл аударту, ағаштың діңгегі біреу, ал бұтақтарының көп болғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп жайқалады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге | байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылғанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды | оның түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры - аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге бұлттар ұқсап "ұшасыңдар".<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін дамыту.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. | әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы". (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шынықтыру.<br>Педагог балаларды көркемсөзбен арқылы қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып | сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға бұру), | шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар - біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы.<br>Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан кейін өз алаңына қайтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіру дағдысын қалыптастыру. | Тышқандар інде тыныш отырады.<br>Тышқандар аулаға шығып ойнайды.<br>- Тышқандар жүгіріп ойнай ма?<br>Көрсетейікші.<br>Тамаша!<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады.<br>Мысық келгенде тышқандар індеріне қарай тұра қашады.<br>Олар інге тығылып қалады.<br>- Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы.<br>Педагог көркемсөзді қолданады.<br>Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды. | барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдына айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру;<br>зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | - Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" дегенде сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанда ұшып жүресіңдер.<br>- "Ұшақтар, алаңға!" дегенде менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар.<br>Келістік пе?<br>Бастайық!<br>Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у!"<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.<br>Ай-ай-ай!<br>Тышқандар-ай,<br>Жақындап қалды мысық та,<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Педагог соңғы жолдарды айтқанда ойыншық мысықты қолға ұстап тұрады. Балалардың бір-біріне соғылмауын қадағалау керек. | | | **жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақтану кезінде баланың көңілді болуын қадағалау.<br>Көркемсөз.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне, дәмді тағам! Міне, дәмді ас!<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.<br>Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Белгілі іс-әрекеттерді орындау арқылы (дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу) ұйқыға өз бетінше дайындалу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұйқыға дайындалу.**<br>Жастыққа басыңды қоя ғой,<br>Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **"Күннің оянуы".**<br>"Күн осылай оянады". Бастапқы қалып: жүресінен отыру, қолды төмен түсіру. (Баяу тұру, әр сөзге қолды алдыға, жоғарыға көтеру.)<br>"Жоғары, жоғары, жоғары ". Бастапқы қалып: тігінен тұру, қолды екі жаққа жіберу. (Денені төмен еңкейту, қол тізеде, бастапқы қалыпқа келу.) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Түнге қарай күн батады". Бастапқы қалып: дәл солай. (Жүресінен отыру, қолды түсіру.)<br>"Төмен, төмен, төмен". Бастапқы қалып: жүресінен отыру, қолды түсіру (Басты төмен, жоғары, төмен еңкейту.)<br>"Тамаша, тамаша!" Бастапқы қалып: тұру. (Қол шапалақтау.)<br>"Күн күлімдеді". Бастапқы қалып: тұру, қол белде. (Денені оңға-солға бұру.)<br>"Күн астында тамаша өмір сүреміз". Бастапқы қалып: дәл солай. (Бір орында бір жаққа айналу, кейін екінші жаққа қайталау.)<br>(2 рет қайталау) жолдармен жүру.<br>"Денсаулық" (Бедерлі тақтай, уқалау жолақшалары, шөптер.)<br>Мақсаты: алғашқы мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға жаттықтыру.<br>**"Мөлдір су".**<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақты асықпай шайнап, шашпай-төкпей жеуге тәрбиелеу. Ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру. Майлықты қолдануды үйрету. "Қонжық тамақтануды қалай үйренді?" ойын жағдаяты. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті<br>ойындары,<br>бейнелеу іс-әрекеті,<br>кітаптарды қарау<br>және<br>басқалар)** | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ" ертегісін сомдайық.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды музыка арқылы әйгілі ертегі кейіпкерінің ерекшелігін түсінуге | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Бауырсақ" ертегісі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды «Бауырсақ» ертегісі желісін мұқият тыңдауға және ертегі мазмұны бойынша | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Ақтөс күшіктің үйшігі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды кірпіш пен призманың қасиеттерімен таныстыру; оқу | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ит пен күшік".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ит пен күшіктің тіршілігімен таныстыру; олардың | **Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сөздерді саусақ қимылдарымен қайталауға ынталандыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынталандыру; музыканың сын-сипатына қарай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін жетілдіру.<br>**"Бауырсақ" музыкалық мюзикл.**<br>Мақсат-міндеттері. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету.<br><br>**Көркемсөзді мәнерлеп оқу. "Әлди, әлди!"**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Құралдар: | кейіпкерлер сөздерін қайталап айтуды үйрету; кейіпкерлердің (аңдардың) қимыл-қозғалыстарын қайталатып жаттықтыру. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдауын, есте сақтауын дамыту.<br>**"Кейіпкер сөздерін жалғастыр" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ертегі кейіпкерлерінің сөздерін есте жаңғырту арқылы қайталату.<br><br>**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі ойыншықтар мен | қызметінде құрастыру тәсілдерімен: саусақпен сипау, үлгі бойынша қалыптарға орналастырумен таныстыру; кірпішті көлденең қойып, призманы кірпіштердің үстіне қою икемділіктерін қалыптастыру; педагогтің үлгісіне сай құрылыс нысанын жасауға жаттықтыру. Балалардың кірпіш пен призманың қасиеттерін қабылдау қабілеттерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығын дамыту.<br>**Құрылыс нәтижесімен ойнату.** | адам өмірінде алатын орны туралы жалпы мағлұмат беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді атап көрсетуге машықтандыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер арқылы бір тұтас оқиға ретінде қабылдауды үйрету.<br>**"Не, қалай дыбыстайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлардың суреттерін дауыстарымен сәйкестендіруді үйрету.<br>**"Алма" ертегісін әңгімелеп беру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен қайта таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне | қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту.<br>Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын айналдыру)<br>Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау)<br>Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақтау)<br>Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақтау)<br>Отырып ұстайсың ба? (шоқайып отыру, шапалақтау)<br>Айналып ұстайсың ба? (тұру, айналу)<br>Ұстатпайды (саусақты шошайту)<br>Домалайды. (жұдырықтарын айналдыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуыршақтар, кейіпкер ойыншықтар.<br>*С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"*<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>**(көркем әдебиет)** | заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылатыны жөнінде қолмен ұстап, сипап көру арқылы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Ойыншықтар үйшіктерге тығылып қалды".**<br>Мақсат-міндеттері. Күшікті үйге жасыруды үйрету.<br>**"Пішіндер" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру.<br>**(сенсорика, танымдық дағдылар)** | эмоционалды жауап беруге ынталандыру.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелер, шымылдық.<br>**(көркем әдебиет)** | Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"**<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім, | **"Шарлар".**<br>Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.**<br>Сары күнге ұқ-сап,<br>Біз жүреміз "сап-сап".<br>Бұлт келсе қап-тап,<br>Жаңбыр жауар "там- | **Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).**<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын. | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу.**<br>Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | там".<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>**(көркем әдебиет)** | Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киімді бүктеуді үйренеміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері: киімді дұрыс бүктеу біліктерін қалыптастыру; балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын белгісі (суреті) бойынша табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылауды жалғастыру.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көк аспандағы ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл | **Топырақты бақылауды жалғастыру.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын | **Ағаштарды бақылауды жалғастыру.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштардың құрылымына көңіл аударуды, ағаштың діңгегі біреу, ал бұтақтарының көп болғанын байқату; зейінін, ойлау | **Күнді бақылауды жалғастыру.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды | **Аспанды бақылауды жалғастыру.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аудару.<br>*Қ. Мырза Әли "Аспанда".*<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Бұлттар ұқсап** | басып, балаларға табанына балшықтың жабысқанын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді.<br>Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынады?<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; | қабілеттерін дамыту.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, жайқалып.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Саппен жүру жаттығуы". (дене шынықтыру,** | эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды кел созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек | зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге бұлттар сияқты "ұшасыңдар".<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқ арасын алшақ қойып жүгіру дағдысын қалыптастыру. | тазалық әдетін дамыту.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру дағдысын қалыптастыру; қимыл ептілігін, жылдамдығын, шапшаңдығын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" орнын белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар.<br>Тышқандар інде тыныш отырады.<br>Тышқандар аулаға шығып ойнайды. | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларға көркемсөзді оқу арқылы қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны.** | әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға және солға бұру),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдына | Мақсат-міндеттері. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br>- Балалар - біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы.<br>Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" дегенде сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Тышқандар қалай ойнады? Көрсетейікші. Тамаша!<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық келгенде тышқандар індеріне тұра қашады. Олар інге тығылып қалады.<br>- Қанекей, балалар, орындарымызға барып отырайықшы.<br>Педагог көркемсөзді қолданады.<br>Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды (түзу сызықтың не жіптің бойымен) сигнал бойынша сапқа тізілуге, жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | - "Ұшақтар, алаңға!" дегенде менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық!<br>- Қане, ұшақтар, ұшыңдар! Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у!"<br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Ойын екі рет жүргізіледі.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орыннан ұзындыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.<br>Ай-ай-ай!<br>Тышқандар-ай,<br><br>Жақындап қалды мысық та,<br><br>Шеңберден асыңдар,<br><br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Педагог соңғы жолдарды айтқанда ойыншық мысықты қолға ұстап тұрады. Балалардың бір-біріне соғылып қалмауын қадағалайды. | | | екі аяқпен секіруді үйрету; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақтану кезінде баланың көңілді болуына жағдай жасау.<br>Көркемсөз.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңғалдырды барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне, дәмді тағам! Міне, дәмді ас!<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.<br>Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық пен шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті<br>ойындары,<br>бейнелеу іс-әрекеті,<br>кітаптарды қарау және<br>басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Қиылған бөліктерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**<br>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.<br>Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын "Пирамиданы құраймыз".**<br>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту.<br>Түрлі түсті шеңберлерден,<br>Пирамида құраймын,<br>Ең үстіңгі түсті алып, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Қайта кілемге шашамын.<br>Ән салу жаттығулары: ертегі кейіпкерлері туралы ән салуға шақыру. Сылдырмақпен ойын. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында ертегі кейіпкерлері суретін бояу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық дағдылар)**<br>**Н. Әлімқұловтың "Ойыншықтар" өлеңін драматизациялау.**<br>Мақсат-міндеттері: балалармен өлең жолдарын еске түсіру; өлеңнің бір шумағын есте сақтауға көмектесу; тәрбиешінің өлең оқығанда балалардың сөздерді (жарты дауыста) қайталауға талпыныстарын ынталандыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". |